# Мұқым елдің МҰЗБАЛАҒЫ



«Мен өзім жайында мынаны айтамын:
Мен XXI ғасыр ұрпақтарының құрдасымын.
Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да ...»





Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді  дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер – тұрманы.
Жазылар естеліктер нешелеген,
Көреміз бәрін оның пешенеден.
Әйтеуір білетінім бір – ақ нәрсе,
Көшеді өлең, немесе өшеді өлең.

Мұқағали Мақатаев



Қазіргі қазақ әдебиеті туралы сөз қозғасам, аузыма ең алдымен, аса ірі ақын Мұқағали Мақатаев түседі. Оның творчествасымен көптен таныспын. Аудармалары діттеген жерден шықпай жатса да, оның ақындық қуат деңгейі мен парасат өрісі кім-кімді болсын таңғалтпай қоймайды.

К.В.Скворцов



10-июнь 1974-жыл

Қаласа да, қаламаса да жұрт мені ақын ретінде түсінеді; ал адам ретінде кім түсіне қояр дейсің. Тіпті ең жақындарым да. Түсіңсендерші, мен туғаннан адаммын, адам қалпымда қалам; ал мен кейін ақын болдым, ұқсаңдаршы, болдым, яғни...

М.Мақатаев күнделігінен

***Суретте:* (солдан оңға қарай) Мұқаңның жары Лашын апай, шешесі Нағиман әже, балалары Айбар мен Жұлдыз және немерелері.**

xxx

Мұқағали Мақатаев қазақ әдебиетіндегі дара тұлғалы ақын.

**Михаил КУРГАНЦЕВ.**





Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздырдың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың  - ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз.

Тұманбай Молдағалиев







Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен - ау деп айта аламын. Оның творчествасы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш – қуат құяды.

Михаил Курганцев





М.Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның... Өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған.

Әбіш Кекілбаев





Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық сарайы деп есептесек, сен соның талантты тас қалаушыларының бірі едің.

Қадір Мырзалиев


kultegin.com





Мұқағали Мақатаев – біздің заманданғы ғажайып ақындардың бірі.
Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей, келешекке қарай керуен түзеп, көше бермек.

**Әбділдә Тәжібаев**



... Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді. Аңғармаппыз...

Мұқаметжан Қаратаев



Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес. Мұқағали мұрасы маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы.

Зейнолла Серікқалиев



# АҚҚУДЫҢ ҚАНАТЫНА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР










Мұқағали
Шығармалары




25-май 1974 жыл
Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола қауіп, абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына байыппен, ақылмен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір барда жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды. ...Бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашан адам қалыптарыңда қалыңдар! Әрдайым сақ болып, әрдайым өздеріңді бағалай біліңдер!
Балаларым менің! Балаларым менің! Егер сендер түсінсеңдер ғой... мені...


МУЗЕЙІ






МҰҚАҒАЛИ
МАҚАТАЕВ